

ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту
ұлттық орталығы директорының
«04» 05. 2024 жылғы № 645 н/к
бұйрығына қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бағдарламаларының төлқұжаттарын сараптау жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

Астана, 2024

Мазмұны

Терминология, қысқартулар және белгілер	3
Тарау 1. Жалпы мәліметтер	4
Сарапшының ЖББП ақпараттық жүйесінде авторизация жасау	4
Тарау 2. Сараптамаға жіберілген өтінімді өңдеу	5
«Пысықтауға қайтару» әрекетінің сипаттамасы	7
«Растау» әрекетінің сипаттамасы	8
«Кері қайтару» әрекетінің сипаттамасы	8
Ескертпелер	8

Терминология, қысқартулар және белгілер

Авторизация – белгілі бір адамға немесе адамдар тобына белгілі бір әрекеттерді орындау құқығын беру; сондай-ақ осы әрекеттерді орындау кезінде осы құқықтарды тексеру (растау) процесі.

ЖЖОКБҮ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы.

ЖББП – Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы.

Тізілім – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының тізілімі.

ББ – білім беру бағдарламасы

РО – оқыту нәтижесі.

МЖБС – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары

Тарау 1. Жалпы мәліметтер

Тізілімді жүргізу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерімен реттеледі.

Тізілімге енгізу үшін түскен бағдарламаның сараптамасын 2 (екі) сарапшы қатар жүргізеді. Инновациялық бағдарламаның сараптамасын 3 (үш) сарапшы қатар жүргізеді.

Жаңартуға түскен бағдарламаның сараптамасын 1 (бір) сарапшы жүргізеді.

Сарапшылар қызметінің негізгі қағидалары заңдылық, шынайылық, құпиялылық, тәуелсіздік, кәсіпқойлық және құзыреттілік болып табылады.

Сарапшыны тағайындау кезінде оның біліктілігінің мәлімделген бағдарлама шеңберінде кадрларды даярлау бағытына сәйкестігі ескеріледі.

Бір сарапшы бірнеше білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізе алады. Өтініш берушінің бағдарламасына сараптама жүргізуге осы өтініш берушімен еңбек қызметін жүзеге асыратын сарапшы жіберілмейді.

ББ сараптамасы электронды түрде ЖББП жеке кабинетте жүргізіледі.

Бағдарламаның сараптамасын сарапшы әкімшіден түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Әрбір сарапшы өзіне жіберілген ББ сараптамасын дербес жүзеге асырады. Мәлімделген дайындық бағытына ББ сәйкестігін және ақпараттық жүйеде баға қою арқылы ББ қолжетімділік дәрежесін айқындайды.

Сарапшы келесі шешімдерді қабылдай алады:

- Ескертулерді көрсете отырып ЖЖОКБҰ *пысықтауға ББ жіберу*;
- *Растау*, бұл БББ Тізілімде енгізілуі немесе жаңартылуы мүмкін екенін білдіреді.

Кем дегенде бір сарапшының ескертулері болған жағдайда, ББ пысықтауға ЖЖОКБҰ жіберіледі.

ЖЖОКБҰ пысықтағаннан кейін барлық сарапшылар ББ қайта сараптама жүргізеді. Өтінімнің тарихында сарапшылардың ескертулері көрінеді. Сарапшы пысықталған өтінімді 10 (он) жұмыс күні ішінде қарастырады.

ЖЖОКБҰ пысықтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде барлық сарапшылар ББ сараптамасын қайта жүргізеді және келесі шешімдерді қабылдай алады:


- Қойылатын талаптарға сәйкес болған жағдайда ББ *растау*. Бұл ББ Тізілімге енгізілуі / жаңартылуы мүмкін дегенді білдіреді;
- ББ енгізуге / жаңартуға өтінімін кері қайтару.

Өтінім барлық сарапшылардың теріс қорытындысы болған жағдайда ақпараттық жүйеде автоматты түрде кері қайтарылады.

Сарапшылардың теріс және оң қорытындылары тең болған кезде өтінім сарапшылар тізімінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып қарастырылады.

Сарапшының ЖББП ақпараттық жүйесінде авторизация жасау

Сарапшыға авторизация жасау үшін ЖББП ақпараттық жүйеде <https://epvo.kz/#/login> сілтемесі бойынша өту қажет (Сурет 1).



Сурет 1. Авторизация беті

Авторизация жасау кезінде жүйе мыналарды тексереді:

- 1) Енгізілген логиннің өзектілігі (электрондық пошта);
- 2) Енгізілген логин мен парольдің дұрыстығы. Логин мен пароль дұрыс енгізілмеген жағдайда, жүйе қате туралы «логин немесе пароль дұрыс емес» хабарламасын көрсетеді және жүйеге кіруге тыйым салады.

Сәтті авторизациядан кейін жүйенің басты беті әдепкі қалпы бойынша көрсетіледі.

Тарау 2. Сараптамаға жіберілген өтінімді өңдеу

Сәтті авторизациядан кейін білім беру бағдарламасының атауы бар сілтемеге жүгінген кезде, сарапшыға өтінімді көру/өңдеу беті көрсетіледі

Сарапшы өтінімді толтырудың дұрыстығын тексереді. Қарау режимінде сарапшыға ББ төлқұжаты келесі өрістермен тексеру үшін қол жетімді:

- 1) *Өтініш туралы мәліметтер* (өтінім түрі, мәртебесі, мәртебе берілген күні);
- 2) *Жобалық ББ / Жобалық ББ қатысушысы* – бұл өрісті өтінім беруші тапсырыс беруші ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган болып табылатын ББ енгізген кезде белгілейді;
- 3) *Пәнаралық ББ* – бұл өріс екі және одан да көп білім беру салаларының немесе кадрларды даярлау бағыттарының түйістігінде әзірленген ББ беру кезінде белгіленеді;
- 4) *Білім беру саласы; Дайындық бағыты; Білім беру бағдарламаларының тобы* – ББ мазмұнына сәйкес өтінім беруші таңдаған өрістер;

Сарапшы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына (бұдан әрі – Сыныптауыш) сәйкес бағдарламаның берілген білім беру саласына, дайындық бағытына сәйкестігін талдау қажет;

- 5) *Білім беру бағдарламасы* – ББ коды мен атауы көрсетілетін жол;

Бағдарламаның атауы бағдарламаның мазмұнын көрсетуі керек, қысқа, нақты және мазмұнды, сонымен қатар дайындық бағытына сәйкес болуы қажет. Бағдарлама коды Сыныптауышқа сәйкес тағайындалуы керек.

- 6) *ББ мақсаты* – үш тілде ББ мақсатын қамтитын өріс;

ББ мақсаты қысқаша, нақты тұжырымдалуы және білім алушылар меңгеруі тиіс құзыреттерді анық жинақтауы керек.

7) *ББ түрі* – ББ түрін көрсететін өріс (қолданыстағы / жаңа / инновациялық);

Егер ББ «Инновациялық» түрі көрсетілсе, сарапшы бағдарламаны жаңа қызмет түрлеріне бағытталуына, мамандыққа сұраныстың жоғары деңгейіне, инновациялық экономиканың дамуына, ел мен өңірдің экономика салаларының басымдылығы қағидатына бағалауы қажет.

8) *ҰБШ бойынша деңгей; СБШ бойынша деңгей* – тиісті деңгей көрсетілген өрістер; Сарапшы ББ-ның Ұлттық және Салалық біліктілік деңгейлеріне сәйкестігін тексеруі қажет.

9) *ББ айрықша ерекшеліктері* – бірлескен немесе қос дипломды ББ енгізу кезінде өтініш беруші әріптес ЖЖОКБҰ-ның түрі мен атауын көрсете отырып, ББ-ның тиісті түрін таңдайды;

10) *Оқыту тілі* – осы ББ бойынша дайындық жүзеге асырылатын тіл/тілдер көрсетілетін өріс;

11) *Берілетін дәреже* – МЖБС және дайындық деңгейіне сәйкес дәреже көрсетілетін өріс;

12) *Оқу мерзімі* – берілетін дәрежеге сәйкес оқу мерзімі көрсетілетін өріс;

13) *Кредиттер көлемі* – МЖБС ең төменгі талаптарына сәйкес ББ бойынша кредиттердің жалпы саны көрсетілетін өріс;

14) *ББ бойынша кәсіптік стандарт* – осы өрісте ББ әзірлеу/жаңарту кезінде пайдаланылған кәсіптік стандарттар көрсетіледі;

Сарапшы кәсіптік стандарттарды таңдаудың ББ сәйкестігі мен толықтығына баға беруі қажет.

15) *ББ Ғылыми кеңесте бекітілген күні* – алқалық органның отырысында ББ бекіту/жаңарту күні көрсетіледі;

16) *Кадрлардың дайындық бағыты лицензиясына қосымшаның бар болуы* – бұл өріс лицензияның нөмірін көрсете отырып, кадрларды даярлаудың тиісті бағытына лицензиясы болған жағдайда белгіленеді. Болмаған жағдайда – осы өріс белгіленбейді;

17) *ББ аккредиттеуінің болуы* - бұл өріс осы ББ бойынша аккредиттеу болған жағдайда белгіленеді;

18) *Жаңа мамандықтар атласы; Өңірлік стандарт* – деректер өрістеріне мамандықтардың атаулары Жаңа мамандықтар атласы және Өңірлік стандарт (бар болса) бойынша енгізіледі. Болмаған жағдайда - мәтін өрістерінде «қарастырылмаған» деп көрсетіледі;

Сарапшы ББ Жаңа мамандықтар атласына және Өңірлік стандартқа (бар болса) сәйкестігін бағалауы қажет.

19) *«Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері» блогы*

Сарапшы оқыту нәтижелерін бағалауы қажет. Оқыту нәтижелері бағдарламаның мәнмәтінін, деңгейін, көлемін және мазмұнын көрсетуі және өзара байланысты, түсінікті, бағдарламаның оқу жүктемесінде қол жетімді және сәйкес оқу іс-әрекетімен, бағалау әдістерімен және критерийлерімен байланысты болуы керек.

Оқыту нәтижелері білім алушылар алған білімдері мен дағдыларын пайдалана отырып, құзыреттерді қолдану арқылы кәсіби функцияларды жүзеге асыра отырып, кәсіби қызмет пен жеке даму шеңберінде не істейтінін білдіру үшін белсенді етістіктен басталуы керек. ОН тұжырымдау үшін әдетте Блум таксономиясының белсенді етістіктері қолданылады.

20) *«Пәндер туралы мәліметтер» блогы*

Сарапшы ББ-ның академиялық кредиттердің қажетті көлемі бөлігінде, оның ішінде дайындық бағыты мен деңгейіне байланысты циклдар мен компоненттер бойынша МЖБС сәйкестігін тексеруі қажет.

Сарапшы пәндердің қысқаша сипаттамасын бағалауы керек. Ол ББ бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің индикаторы ретінде пәннің мазмұнын көрсетуі тиіс. Пәннің сипаттамасында қандай да бір анықтамалар, дәрістерден, оқулықтардан үзінділер және т.б. болмауы тиіс. Пәндердің қайталануына немесе бірдей сипаттамасы бар әртүрлі пәндердің болуына жол берілмейді.

Сарапшы қалыптасқан оқу нәтижелерімен байланысты әрбір пән бойынша «ОН қол жеткізу дәрежесін» анықтауы керек. БББ оқыту нәтижесімен салыстырылған әрбір пәні бар ұяшықта «ТН» (Тексеру нәтижесі) бағаны орналасқан, онда қысқартылған түрде мынадай мәндері бар тізімдік өріс көрсетіледі:

- Жоғары – бұл мән ОН қол жетімділік деңгейінің «Жоғары» екенін білдіреді (қысқаша: «Жоғ»);

- Орташа – бұл мән ОН қол жетімділік деңгейінің «Орташа» екенін білдіреді (қысқаша: «Орт»);

- Төмен – бұл мән ОН қол жетімділік деңгейінің «Төмен» екенін білдіреді (қысқаша: «Төм»).

Бұл өріс берілген ЖЖОКБҰ пәнді тиісті ОН-мен салыстырған ұяшықтарда ғана таңдау үшін белсенді. Ыңғайлы болу үшін курсорды тақырып бағанындағы оқу нәтижесінің кодына, сондай-ақ пән мен ОН (құсбелгі) байланысты ұяшыққа апарған кезде жүйе тиісті оқу нәтижесінің сипаттамасын қамтитын мәтінді көрсетеді.

БББ барлық пәндердің тізімінен кейін «ОН қол жеткізу коэффициенті» деп аталатын өріс көрсетілген. Осы өрісте жүйе «ТН» (тексеру нәтижесі) кіші бағандарындағы мәндерге сәйкес есептелген «ОН қол жеткізу коэффициенті» көрсеткішін есептейді және көрсетеді. «Пәндер туралы мәліметтер» блогындағы «ТН» бағанындағы сарапшы толтырмаған ұяшықтар қызыл түспен жиектеледі.

21) *Тізілімде ББ жаңарту үшін негіздеме* (Тізілімдегі ББ жаңартуға өтінімдерде ғана).

«Пысықтауға қайтару» әрекетінің сипаттамасы

Ескертулер болған жағдайда, сарапшы «Пысықтауға қайтару» батырмасына жүгініп, өтінімді пысықтауға қайтаруы қажет.

Бұл ретте бірден барлық ескертулерді көрсету қажет, өйткені ББ сарапшылармен ЖЖОКБҰ бір рет қана пысықтауға қайтарылады.

Осы батырмаға жүгінген кезде, жүйе «Негіздеме» қалқымалы терезесін көрсетеді, онда БББ төлқұжатын пысықтауға қайтару үшін ескертулерді көрсетіп, негіздеме мәтінін енгізу мүмкіндігі көзделген. Осыдан кейін ескертулермен мәтін енгізгеннен кейін белсенді болатын «Пысықтауға қайтару» батырмасын басу керек.

«Пысықтауға қайтару» батырмасына жүгінген кезде, жүйе:

• өтінімге аталған сарапшыға «Пысықтауға қайтарылды (Сарапшы)» мәртебесін береді;

• «Өтінім пысықтауға қайтарылды» ақпараттық хабарламасын көрсетеді;

• «Негіздеме» қалқымалы терезесінде көрсетілген мәтін өтінімді көру бетінде осы өтінімнің мәртебесі бар өрісте көрсетеді;

• тиісті ЖЖОКБҰ уәкілетті өкілдеріне «Тізілімге енгізу өтінімі [«БББ атауы»] білім беру бағдарламасының төлқұжатын Сарапшымен пысықтауға қайтарылды» хабарламасын жібереді.

Өтінімді ЖЖОКБҰ (әзірлеушіге) пысықтауға қайтарғаннан кейін Сарапшыға өтінімді өңдеу беті тек көру режимінде ғана қолжетімді болады.

Сарапшыға пысықталғаннан кейін сарапшының ескертулеріне ЖЖОКБҰ түсініктемелері (бар болса) көрінетін болады.

ББ пысықталғаннан кейін сарапшыға «Растау» немесе «Кері қайтару» батырмалары қолжетімді болады.

«Растау» әрекетінің сипаттамасы

БББ төлқұжаты барлық талаптарға сәйкес келген жағдайда сарапшы «Растау» батырмасын таңдау арқылы осы өтінімді растауды қажет.

Растау үшін «Қалыптасатын оқыту нәтижелері» бағандарында ЖЖОКБҰ белгілеген барлық ОН мәндерін бағалау қажет. Бағаланбаған (өткізіп алған) ОН болған жағдайда «Растау» батырмасы белсенді болмайды.

Сондай-ақ сарапшы өтінімді растаған («Растау» әрекеті) кезде, жүйе есептелген ОН қол жеткізу коэффициентін Тізілімге ББ енгізу үшін ең аз мәнмен (75%) тексереді. Егер берілген ББ үшін есептелген ОН қол жеткізу коэффициенті белгіленген мәннен аз болса, «Растау» батырмасы таңдау үшін белсенді болмайды, яғни ББ Тізілімге енгізу (немесе жаңарту) мүмкін емес. Қажет болған жағдайда сарапшының бұрын тандалған бағалауларға өзгерістер енгізу мүмкіндігі бар.

«Пәндер туралы мәліметтер» блогынан кейін «БББ мәлімделген дайындық бағытына сәйкес келеді» деген жалауша көрсетіледі, онда БББ растау кезінде белгі қою қажет.

Әрі қарай «Сарапшының жалпы қорытындысы» мәтіндік өрісі қарастырылған, онда сарапшы «Тізілімге БББ енгізу/жаңарту үшін ұсынылады» деп жазуы керек.

«Растау» батырмасына жүгінген кезде, жүйе хабарламаны көрсету арқылы орындалатын әрекетті растауды сұрайды: «Өтінім растағаннан кейін деректерді өңдеу мүмкін болмайды. Сіз сенімдісіз бе?». Тандалған іс-әрекет расталған жағдайда, жүйе өтінімге осы сарапшы үшін «Сараптама аяқталды» мәртебесін береді және «Өтінім расталды» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді.

Сарапшы өтінімді растағаннан кейін, сарапшы үшін өтінімді өңдеу беті көру режимінде қолжетімді болады.

«Кері қайтару» әрекетінің сипаттамасы

БББ қойылатын талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, сарапшы «Кері қайтару» батырмасына жүгіну арқылы БББ енгізу/жаңарту өтінімін кері қайтару қажет. Бұл ретте сарапшы ЖЖОКБҰ белгілеген барлық ОН мәндерін (Жоғары, Орташа, Төмен) бағалауы тиіс.

«Кері қайтару» батырмасына жүгінген кезде, жүйе «Негіздеме» қалқымалы терезесін көрсетеді, онда дәлелді бас тартуды көрсете отырып, мәтін енгізу қажет. Осыдан кейін дәлелді бас тарту мәтінін енгізгеннен кейін белсенді болатын «Кері қайтару» батырмасын басу керек. «Кері қайтару» батырмасына жүгінген кезде, жүйе өтінімге осы сарапшы үшін «Кері қайтару» мәртебесін береді және «Өтінім кері қайтарылды» деген ақпараттық хабарламаны көрсетеді.

Өтінім кері қайтарылғаннан кейін, өтінімді өңдеу беті көру режимінде қол жетімді болады.

Ескертпелер

ББ сараптамасын жүзеге асыру барысында сарапшы төменгі оң жақ бұрышта орналасқан «сақтау» батырмасына жүгініп, енгізілген өзгерістерді **қайта-қайта (әр 5-7 минут сайын)** сақтауы қажет. Бұл жағдайда жүйе енгізілген өзгерістерді өтінімнің мәртебесін өзгертпей сақтайды.

Өтінімнің негізгі қарау бетіндегі жалпы мәртебесі осы ББ сараптамасын жүзеге асыратын барлық сарапшылар шешім қабылдаған кезде өзгереді.

Сарапшылардың бірі өтінімді растаған және басқа сарапшы пысықтауға жіберген жағдайда, жүйе ЖЖОКБҰ пысықтауға ББ жібереді. Бұл ретте ББ пысықталғаннан кейін барлық сарапшылар алғашқы растау жағдайында да қайта сараптама жүргізуі тиіс.

Өтінім барлық сарапшылардың теріс қорытындысы болған жағдайда ақпараттық жүйеде автоматты түрде кері қайтарылады.

Сарапшылардың теріс және оң қорытындыларының саны тең болған жағдайда өтінім сарапшылар тізімінен тәуелсіз сарапшыны тарта отырып қарастырылады.

Тәуелсіз сарапшы ББ бағалайды және ББ пысықтауға жібермей «растау» немесе «кері қайтару» туралы түпкілікті шешім қабылдайды.